16. Lazarev A.I. Pesni orenburgskih kazakov kak istoricheskij istochnik // Ivan Ivanovich Neplyuev i yuzhnoural'skij kraj. Materialy nauchnoj konferencii. CHelyabinsk, 1993.
17. Materialy po istoriko-statisticheskomu opisaniyu Orenburgskogo kazach'ego vojska. 12 tomov. Orenburg, 1903 –1915.
18. Myakutin A.I. Boevye zavety kazakov. Tashkent, 1914.
19. Ob»edinennyj gosudarstvennyj arhiv CHelyabinskoy oblasti (OGACHO). F. I-31. Op. 1. D. 8.
20. Pesni orenburgskih kazakov. T.I – IV. Sobral sotnik A.I. Myakutin. Orenburg-SPb, 1904 – 1907.
21. Plotnikov V. Ocherki svadebnyh obryadov u orenburgskih novolinejnyh kazakov // Zapiski Orenburgskogo otdela Imperatorskogo russkogo geograficheskogo obshchestva. Vyp. 2. Kazan': universitetskaya tipografiya, 1871.
22. Prikazy po Orenburgskomu kazach'emu voysku. 1908 g. № 367.
23. Rohmistrov E.P. Kazaki – voiny, pahari: dokumental'naya povest'. CHelyabinsk: Izdatel'stvo Tat'yany Lur'e, 2008.
24. Sevast'yanov S.N. K stoletiyu so dnya rozhdeniya Ivana Vasil'evicha Padurova. 1798 – 1898 // Orenburgskij listok. 1897. 20 aprelya.
25. Sevast'yanov S.N. Sborny kazakov na sluzhbu v prezhnie vremena // Orenburgskaya gazeta. 1899. 19 fevralya.
26. Sevast'yanov S.N. Neskol'ko starinnyh pesen // Trudy Orenburgskoj uchenoj arhivnoj komissii. Vyp. IV. Orenburg, 1898. S. 77-92.
27. Serov A.G. Vospominaniya starozhilov stanicy Magnitnoj: starye i novye zapisi. Magnitogorsk: izd-vo «PR-Kapital. Izdatel'skij Dom», 2013.
28. Starikov F.M. Kratkij istoricheskij ocherk Orenburgskogo kazach'ego vojska s prilozheniem stat'i o sovremennom byte orenburgskih kazakov i karty. Orenburg: Tipografiya B.Breslina, 1890.
29. Starikov F.M. Svedeniya o predmetah stariny v stanicah i poselkah 3-go voennogo otdela Orenburgskogo kazach'ego vojska // Trudy Orenburgskoj uchenoj arhivnoj komissii. Vyp. IV. Orenburg, 1898. S. 97 – 105.
30. Statisticheskij otchet sovremennogo polozheniya kazach'ih vojsk. SPb: Izdanie «Vestnika Kazach'ih Vojsk», 1903.
31. CHernavskij N.M. Orenburgskaya Eparhiya v proshlom eyo i nastoyashchem. Vypusk pervyj // Trudy Orenburgskoj uchenoj arhivnoj komissii. Vyp. VII. Orenburg, 1898.
32. CHernavskij N.M. Orenburgskaya Eparhiya v proshlom eyo i nastoyashchem. Vypusk vtoroj // Trudy Orenburgskoj uchenoj arhivnoj komissii. Vyp. H. Orenburg, 1901 – 1902.
33. CHernov I.V. Zapiski // Trudy Orenburgskoj uchenoj arhivnoj komissii. Vyp. HVIII. Orenburg: Parovaya Tipolit. «T-va Pech. Dela Karimov, Husainov i K», 1907.

Айтолкын Омирбековна Балчих

PhD докторант, ЕНУ имени Л.Н. Гумилева,
Исторический факультет, Астана, Казахстан,
E-mail: Aitolkyn.balchikh@gmail.com

Куралай Отаубаевна Сейтказина

К.и.н., доцент, ЕНУ имени Л.Н. Гумилева,
Исторический факультет, Астана, Казахстан

АКТИВНОСТЬ ТАТАРСКИХ ПЕРЕСЕЛЕНЦЕВ ПРОСВЕТИТЕЛЕЙ В ГОРОДЕ АКМОЛИНСКЕ В XIX ВЕКЕ

Аннотация. *Статья исследует историю прибытия и влияние татарских переселенцев в Акмолинском укреплении, а также их вклад в образование и развитие нового поселка. Вначале своего появления в этом районе, татарские муллы и учителя играли ключевую роль в формировании культурного и образовательного ландшафта, влияя на сознание местного казахского населения. В результате значительного притока татарского населения в Акмолинск, в городе стала формироваться компактная татарская община, которая затем превратилась в один из самых процветающих районов. Благодаря активной деятельности татарских представителей в городе было основано медресе и возведена мечеть, что способствовало дальнейшему культурному развитию региона. В статье также анализируется успешный опыт сосуществования малых этнических групп в полиэтничной и многоконфессиональной среде.*

Ключевые слова: *история, Казахстан, Акмолинск, татары, духовная деятельность, муллы.*

Без анализа активности татар в степях Казахстана трудно представить и понять не только происхождение казахстанской татарской диаспоры, но и сложные межэтнические, религиозные и межкультурные процессы, происходившие в этом регионе в XIX веке.

Значимость этой темы подтверждается тем, что история присутствия татар представляет собой ценный опыт успешного сосуществования маленькой этнической группы в многонациональной и многоконфессиональной среде. До настоящего времени активность татар в Акмолинске не была подвергнута основательному анализу со стороны научных исследователей. Основной целью данной работы является определение временных рамок появления татар в этом поселении, изучение их сферы деятельности и оценка их вклада в историко-культурное наследие региона. Первые татары появились в Акмолинском укреплении с момента его основания. После завершения строительства всех необходимых объектов в укреплении 22 августа

1832 года официально открылся Акмолинский приказ и внешний округ. Поскольку для «отправления молитв киргизами и наставления их в добрых правилах» был необходим мулла, старший султан Акмолинского внешнего округа Конуркульджа Кудаймендин просит утвердить в этой должности одного из братьев Чанышевых, Асфандияра, с окладом в 100 рублей в год [1, д. 553, л. 371]. С этого времени Асфандияр стал совершать мусульманские обряды, а также приводить к присяге людей в случае следственных процедур [Там же, д. 184, л. 4]. За успешное и точное выполнение обязанностей по ходатайству султана Акмолинского внешнего округа Конуркульджи Кудаймендина Асфандияр Чанышев был удостоен чина четырнадцатого класса табеля о рангах. В 1835 г. муллой в Акмолинский приказ был назначен Сагит Усманов. Финансовое обеспечение муллы полностью ложилось на средства султана Конуркульджи Кудаймендина. Не преодолев финансовые разногласия с султаном по оплате работы, Сагит Усманов в 1839 г. отправляется в урочище Тасыбек Тогай на реке Ишим, куда его пригласили местные казахи, а в Акмолинский приказ вскоре из Сеитовской слободы прибывает другой татарский мулла – Бурабай Сеитов [2, с. 70]. Для его проживания был специально выстроен дом. Мулла не только выполнял религиозные ритуалы и осуществлял гражданское судебное производство среди мусульман, но и начал обучать детей.

Так, в Акмолинском приказе появилось первое учебное заведение. Школа содержалась за счет прихожан мечети и добровольных пожертвований родителей учеников [3, с. 67]. 6 апреля 1838 г. выходит указ, по которому были официально открыты торговые места в Акмолинском приказе, а в 1842 – торговые пункты в Акмолинском округе [4, с. 45]. С этого времени начинается активное заселение Акмолинского приказа, в нем, как и в других городских поселениях казахской степи, появляется компактная татарская слобода, которая располагается на северо-востоке селения. Одними из первых жителей татарской слободы в Акмолинском укреплении были семьи, приехавшие из различных губерний: Казанской – Шаяхметовы, Искандеровы, Шариповы, Валишины, Фаткуллины; Вятской – Абдухаликовы, Губайдуллины, Сабитовы; Тамбовской – Хамзины, Файзуллины; Тобольской – Гумаровы, Мусины; Нижегородской – Абубакировы, Абдуллины, Абсалямовы, Сулеймановы, Юсуповы [5, д. 68]. Татарская слобода в то время являлась одним из лучших районов города. Дома и дворы слободы вступали в контраст с другими частями станицы. Это отмечали и государственные чиновники. «Фасадами, поместительностью и правильным расположением дворовых участков отличается во всем городе слободка татарская, а прочие отделы более похожи на сельское убожество, где многих домов видна недостройка крыш, а другие представляют почти развалины, да и в самом размещении они очень тесно связаны между собою», – пишет коллежский секретарь Уфимцев в донесении исполняющему обязанности военного губернатора области сибирских казахов полковнику Майделю 20 октября 1864 г. [Там же, д. 753, л. 121]. Помимо татар, в слободе также селятся казахи, ташкентцы, бухарцы. Две перпендикулярные друг другу улицы в слободе получили названия Татарская (современная улица Баянауыл) и Казахская (современная улица М. Габдулина). Первая улица в советское время неоднократно меняла название: изначально она называлась Ущджу, затем Ерназарова, а после этого – Куйбышева. За татарской слободой и по улице Татарской находился базар, на котором располагался гостиный двор. Между татарской слободой и Акмолинской станицей, которая получила официальный статус в 1845 году, находилась большая площадь. У самой станицы возвышалась первая деревянная мечеть, построенная в 1838 году по желанию казахского султана полковника Конуркульджи Худаймендина.

Развитие кварталов татарской слободы совпадало с развитием станицы в важный торговый пункт. Татары играли ключевую роль в меновой торговле между русскими купцами и казахскими кочевниками, благодаря своей способности общаться и пользоваться доверием у мест-

ного населения. С 1852 года в Акмолинском приказе начали работать две крупные ярмарки: Константиновская и Дмитриевская. Эти ярмарки позволяли быстро закупать товары и устанавливать новые торговые связи. Развитию торговли способствовало выгодное расположение станицы на перекрестке караванных путей в центральной части казахской степи, а также отмена карантинных досмотров генерал-губернатором Западной Сибири Г. Х. Гасфортом. Это сделало акмолинский базар привлекательным для среднеазиатских караванов, которые часто предпочитали сбывать свои товары здесь, избегая таможенных сборов.

В 1862 году Акмолинская казачья станица была преобразована в окружной город, что дало мещанам и купцам, переселившимся сюда, освобождение от ряда обязательств и возможность свободной торговли. Данные меры приводят к тому, что в Акмолинске в 1860-е гг. заметно увеличивается количество лиц торгового сословия [2, с. 22]. Во второй половине XIX века сюда приезжают купцы, главным образом – татары из Касимова, Тобольска, Тюмени, Казани: Абсаямовы, Юсуповы, Канцеровы, Башировы, Бегишевы, Муксиновы, Мусагитовы, Ногаевы, Ермаковы, Асановы, Максютковы, Рафиковы, Сутюшевы, Забировы, Давлеткильдеевы, Хальфины и другие. Казанские корни имели Абдрашитовы, Негматуллины, Бектемировы, Забировы, Таирировы, Шафеевы, Хальфины. Последние являлись потомками известного татарского просветителя Ибрагима Хальфина. Выходцы из Тамбовской и Рязанской губерний: Бегишевы, Бурнашевы, Канцеровы, Урмановы, Бирюшевы, Абаевы, Максютковы, Симаковы, Дивеевы, Ялымовы, Давлеткильдеевы, Сутюшевы, Султанаевы. Первые четыре семьи происходили из села Азеево, Абаевы и князя Сутюшевы – из села Бастаново Тамбовской губернии, Максютковы – из с. Четаево, Давлеткильдеевы – из села Коверское, Султанаевы – из села Толстикovo. Рязанской губернии. Изначально семьи Бегишевых, Бирюшевых, Давлеткильдеевых, Дивеевых, Максютковых, Сутюшевых, Таирировых, Забирировых, Хальфиных, Шафеевых и Ялымовых осуществляли свою коммерческую деятельность в городе Петропавловске. С развитием городов Акмолинска, Атбасара и Кокчетавы некоторые из них переехали в эти соседние населенные пункты. Таким образом, между татарами Северного Казахстана существовали тесные семейные связи.

Татарские предприниматели активно поставляли в Акмолинск различные товары из центральной России, а также из среднеазиатских ханств и Китая. Из России в основном поступали мануфактурные товары, одежда, ткани, украшения, бакалейные товары и другие товары широкого ассортимента. Из среднеазиатских ханств и Китая привозили чай, хлопок, рис, шелк, ковры, сладости, фрукты и многое другое. На местных ярмарках татары приобретали скот, продукты животноводства, шкуры диких зверей и другие товары. Во второй половине XIX века самыми успешными купцами становятся Нурмухамед Забириров, Хусаин Бегишев, Мухамеджан Максютков, Галиаскар Хальфин, Канафий Сутюшев, Шагий Таириров, Аббас Канцеров, которые также являлись членами Акмолинской городской думы. Городская дума занималась вопросами благоустройства, санитарного состояния города, распределения бюджета и назначением торговых депутатов для контроля за торговлей и промыслами. Участие татар в заседаниях городской думы, в торговых комитетах, в комиссиях по сбору налога с недвижимого имущества отчасти компенсировало практически полное отсутствие представителей мусульманских народов в городской администрации, суде и полиции, о чем красноречиво свидетельствуют данные Первой всеобщей переписи населения Российской империи 1897 г. [6]. Во второй половине XIX века татары продолжали играть главную роль в духовной жизни мусульман города. Указным муллою при акмолинском приказе и имамом хатибом мечети в 1851 г. становится Исхак Юсупов [7, д. 4807, л. 6-7]. Он был родом из деревни Старое Аллагулово Краснослободского уезда Пензенской губернии (современная Республика Мордовия). Для того чтобы быть утвержденным в этой почетной должности, он успешно выдержал экзамен перед биями и

старшинами, а потом и в Духовном мусульманском собрании в г. Уфе [8, с. 205]. Но впоследствии он вынужден был преждевременно оставить свой пост, видимо, после конфликта с ахунном Тобольской губернии Габдулбари Яушевым (Петропавловск). В 1867 г. его сменяет Аюп Исмагилов, в некоторых источниках Аюп Измайлов (1810-1895).

Во второй половине XIX века известность получают также муллы Аббас Канцеров, Хамидулла Абубакиров, Джамалетдин Тазетдинов, Галяутдин Баймуратов, Ахмедша Абдулхакимов, Хамит Таиров, Нигматулла Урманов, Ахтям Шаяхметов (Ахтям сын Шаги Ахмата), Карабек Байбеков (1812-1911) (подлинное имя – Шарафутдин Назимов). Последний в семнадцать лет бежал от службы в царской армии из Казанской губернии, был усыновлен ханом Байбеком в урочище Баянауле и назван именем умершего сына хана – Карабеком. Все муллы, как и их предшественники, вели метрические книги, заключали браки, преподавали грамматику татарского языка, учили читать арабские печатные книги. За преподавание они получали лишь добровольные пожертвования родителей учащихся и прихожан мечети. Согласно Первой всеобщей переписи населения Российской империи 1897 г., доля грамотных среди татар в Акмолинске была более чем в два раза выше, чем среди других жителей города [9, с. 58-59].

В 1887 г. купец Миркасим Миркамалов пытается согласовать строительство второй деревянной мечети. Уездный начальник города поддерживает данную инициативу, обосновывая это следующим образом: «1. Большинство мусульманского общества, люди торгующие и достаточно состоятельные; 2. Мусульмане многочисленны: из имеющихся в акмолинском полицейском управлении сведений проживает 542 мусульманина и это без учета около 100 казахов; 3. В составлении приговора о строительстве мечети принимают участие все жители города из мусульман; 4. Новая мечеть не несет угрозы “соблазна” христианам-татарам, так-как их в городе вовсе нет» [5, д. 2125, л. 3]. Но степной генерал-губернатор в 1888 г. разрешает построить лишь молитвенный дом, без минарета и без купола [Там же, л. 5], что, видимо, было связано с тем, что иначе количество мечетей в городе превысило бы количество церквей, а этого царская администрация допустить не могла.

В 1888 г. идет интенсивный процесс строительства молитвенного дома на улице Церковной (современная улица Абая). В 1890-е гг. у молельного дома все же появляется минарет, а затем и купол. Все финансовые расходы на строительство берет на себя татарский купец Нурмухаммад Забиров. По своей архитектуре новая мечеть соответствовала традиционному татарскому стилю: она состояла из ряда продольноосевых объемов, в северо-восточной части которых возвышался трехъярусный шестигранный минарет с шатровой кровлей, в противоположной – купол над михрабом [10, с. 60]. У «новой» мечети было несколько названий: «Зеленая», «Татарская», сами же татары называли ее «Күк мәчет». В конце XIX – начале XX века происходит большая миграция в край крестьян, вызванная земельным кризисом в центральной части Российской империи, а также целенаправленной политикой государства, выражением которой стало принятие в 1881 г. «Закона о добровольном переселении сельских обывателей и мещан на казенные земли и порядке переселения лиц, переселившихся в прошлые годы» [10, с. 56].

В конце 1880-х гг. приехавшие татарские семьи вместе с русскими селятся в п. Самарский Атбасарского уезда, но, как сообщает один старший производитель Управления государственным имуществом в Западной Сибири, «татары там фактически не живут, по роду занятий они скорее ремесленники или мелкие торговцы и находятся преимущественно в г. Атбасаре, многие из них лишь сеют пшеницу при деревне Самарской (13 семей) лишь для того, чтобы приобрести право свободного проживания в уезде». Далее он обращается с просьбой к акмолинскому губернатору о создании отдельного татарского поселения, что могло бы стать образцом для устройства казахами оседлых населенных пунктов [11, д. 8508, л. 10-11]. Являясь

противником отдельных татарских поселений, акмолинский губернатор позволяет переселенцам поселиться в п. Михайловском Акмолинского уезда вместе с русскими для скорейшей их ассимиляции. Однако крестьяне в 1892 г. отказываются там жить и выбирают место для поселения в 17 верстах от г. Акмолинска в урочище Джар-Суат и называют свое селение Джемалеевским [Там же, л. 9] в честь одного из самых уважаемых переселенцев Джемали Багаутдинова (1844-1912).

Многие мусульманские купцы и мещане из Акмолинска в силу близости с городом пожелали поселиться в новом татарском селе, среди них Баймухамет Коцегулов, Хафиз, Шариф, Карим, Абдул и Газиз Сутюшевы, Галей Таиров, Мильгазетдин Фахретдинов, Хамза Султанаев, Джамалетдин Алеев, Газетдин Багаутдинов, Мухамеджан Муксинов, Зималетдин Хусаинов, Закир Надыров, Хабибулла Ибатуллин, Карабек Байбеков, Галляутдин Газетдинов, Хасан Танчаров, Латфулла Смаилов [Там же]. Уездный начальник Акмолинского уезда в 1897 г. констатирует, что «селение Джемалеевское образовано из татар и мещан неправильно (без официального разрешения администрации. – З. М.), но исправлять сделанную ошибку уже поздно», и предлагает селить в него русских переселенцев [Там же, л. 52]. С этого времени в селе Джемалеевский стали появляться переселенцы из Воронежской губернии и Украины. Позже селение было переименовано в Воздвиженку, а потом в Нуресиль. Согласно Первой всеобщей переписи населения Российской империи, в 1897 г. в Акмолинске проживало 1035 татар (10,6% от всего населения), уступая численно только русским и казахам [12, с. 127]. Многие татарские семьи проживали в непосредственной близости от города, в селе Джемалеевском, где в это время насчитывалось еще 64 татарской семьи. Про татарских просветителей есть много приятных воспоминаний, например, Бекмухаммед Хусаинулы Серкебаев в своей автобиографии пишет: «...когда мне исполнилось 10 лет, в 1906 году, я приехал в г. Петропавловск, где поступил в «Шала-казахское медресе», которым заведовал высокообразованный человек Мухаммеджан Бегишев. Он в совершенстве владел арабским, персидским и русским языками. В эту школу я поступил вместе с Магжан Жумабаевым, впоследствии ставшим крупным поэтом казахского народа» [13, д. 22, л. 10].

Татары появились в Акмолинском окружном приказе с момента его основания, и в течение всего XIX века они активно участвовали в развитии этого населенного пункта и его окрестностей. К концу столетия татарское население составляло третью по численности группу в городе Акмолинске. Они играли важную роль в сферах торговли, духовной и образовательной деятельности. Татарские купцы принимали активное участие в общественной жизни города. Благодаря сотрудничеству между татарским духовенством и купечеством была создана сильная мусульманская инфраструктура в городе.

Список литературы:

1. Центральный государственный архив Республики Казахстан (ЦГА РК). Ф. 345. Оп. 1.
2. Алпысбаева Г. Астана в новое и новейшее время. Астана, 2008. 270 с.
3. Первая всеобщая перепись населения Российской империи 1897 г.: в 89-ти т. / под ред. Н. А. Тройницкого. СПб.: Слово, 1904. Т. 81. Акмолинская область. 135 с.
4. Ахметова Г. М. История торговли и предпринимательства Казахстана в конце XIX – начале XX века. Усть-Каменогорск, 2012. 176 с.
5. ЦГА РК. Ф. 369. Оп. 1.
6. Памятная книжка Акмолинской области на 1887 год. Омск, 1887. 216 с.
7. Центральный государственный архив Республики Казахстан (ЦГА РК). Ф. 374. Оп. 1
8. Садыкова С. Ш. Региональные особенности мечетей Северного и Восточного Казахстана сер. 19 – нач. 20 в. // Проблемы сохранения памятников материальной культуры: сборник материалов международной научно-практической конференции. Алматы, 2005. С. 60-65.

9. Галиев В. З. Участие татарских мулл в развитии образования среди казахов в 20-60-х годах XIX века // Фаизхановские чтения: материалы пятой ежегодной научно-практической конференции. Нижний Новгород, 2009. С. 203-212.

10. Тарасова Е. В. Миграционный обмен с Россией как фактор формирования этнического состава населения Казахстана (XVIII – начало XXI века): дисс. ... к.и.н. М., 2004. 135 с.

11. Центральный государственный архив Республики Казахстан (ЦГА РК). Ф. 338. Оп. 1.

12. Махмутов З. А. История татар Астаны. Казань, 2017. 224 с.

13. Государственный архив города Астаны. Ф.430, оп.11.

**Айтолқын Өмірбекқызы Балчих¹,
Құралай Отаубайқызы Сейтқазина²**

¹PhD докторанты, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті,
Тарих факультеті, Астана, Қазақстан, Aitolkyn.balchikh@gmail.com

²Т.ғ.к., доцент, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті,
Тарих факультеті, Астана, Қазақстан.

XIX ҒАСЫРДАҒЫ ТАТАР ҚОНЫС АУДАРУШЫЛАРЫ МЕН АҒАРТУШЫЛАРЫНЫҢ АҚМОЛА ҚАЛАСЫНДАҒЫ ҚЫЗМЕТІ

Андатпа. Мақалада татар қоныстанушыларының Ақмола бекінісіне келу тарихы мен ықпалы, олардың жаңа ауылдың қалыптасуы мен дамуына қосқан үлесі қарастырылған. Татар молдалары мен ұстаздары ауданда пайда бола бастағанда жергілікті қазақ халқының санасына әсер етіп, мәдени-ағартушылық пейзажды қалыптастыруда шешуші рөл атқарды. Ақмолаға татар халқының едәуір ағылуының нәтижесінде қалада ықшам татар қауымы қалыптаса бастады, кейін ол ең гүлденген аудандардың біріне айналды. Қаладағы татар өкілдерінің белсенді жұмысының арқасында медресенің негізі қаланды, мешіт бой көтерді, бұл өлкенің одан әрі мәдени дамуына ықпал етті. Мақалада сонымен қатар көпұлтты және көпконфессиялық ортада шағын этностардың бірге өмір сүруінің сәтті тәжірибесі талданады.

Түйін сөздер: тарих, Қазақстан, Ақмола, татарлар, рухани қызмет, молдалар.

**Aitolkyn Omirbekovna Balchikh¹,
Kuralay Otaubaevna Seitkazina²**

¹PhD doctoral student, Eurasian National University named after L.N. Gumilev,
Faculty of History, Astana, Kazakhstan, Aitolkyn.balchikh@gmail.com

² Associate Professor, Eurasian National University named after L.N. Gumilev,
Faculty of History, Astana, Kazakhstan.

ACTIVITY OF TATAR SETTLERS OF ENLIGHTENERS IN THE CITY OF AKMOLINSK IN THE XIX CENTURY

Abstract. The article explores the history of the arrival and influence of Tatar settlers in the Akmolinsk fortification, as well as their contribution to the education and development of the new settlement. At the beginning of their appearance in this area, Tatar mullahs and teachers played a key role in shaping the cultural and educational landscape, influencing the consciousness of the local Kazakh population. As a result of a significant influx of the Tatar population to Akmolinsk, a compact Tatar community began to form in the city, which then turned into one of the most prosperous areas. Thanks to the active activity of Tatar representatives, a madrasah was founded in the city and a mosque was erected, which contributed to the further cultural development of the region. The article also analyzes the successful experience of coexistence of small ethnic groups in a multi-ethnic and multi-religious environment.

Key words: history, Kazakhstan, Akmolinsk, Tatars, spiritual activity, mullahs.

References

1. Central State Archive of the Republic of Kazakhstan. F. 345. I. 1.
2. Alpysbaeva G. Astana v novoe i novejshee vremya. Astana, 2008. 270 s.

3. Pervaya vseobshchaya perepis' naseleniya Rossijskoj imperii 1897 g.: v 89-ti t. / pod red. N. A. Trojnickogo. SPb.: Slovo, 1904. T. 81. Akmolinskaya oblast'. 135 s.
4. Ahmetova G. M. Istoriya trgovli i predprinimatel'stva Kazahstana v konce XIX – nachale XX veka. Ust'-Kamenogorsk, 2012. 176 s.
5. Central State Archive of the Republic of Kazakhstan. F. 369. I. 1.
6. Pamyatnaya knizhka Akmolinskoj oblasti na 1887 god. Omsk, 1887. 216 s.
7. Central State Archive of the Republic of Kazakhstan. F. 374. I. 1
8. Sadykova S. SH. Regional'nye osobennosti mechetey Severnogo i Vostochnogo Kazahstana ser. 19 – nach. 20 v. // Problemy sohraneniya pamyatnikov material'noj kul'tury: sbornik materialov mezhdunarodnoj nauchno-prakticheskoy konferencii. Almaty, 2005. S. 60-65.
9. Galiev V. Z. Uchastie tatarskih mull v razvitii obrazovaniya sredi kazahov v 20-60-h godah XIX veka // Faizkhanovskie chteniya: materialy pyatoy ezhegodnoj nauchno-prakticheskoy konferencii. Nizhnij Novgorod, 2009. S. 203-212.
10. Tarasova E. V. Migracionnyj obmen s Rossiej kak faktor formirovaniya etnicheskogo sostava naseleniya Kazahstana (XVIII – nachalo XXI veka): diss. ... k.i.n. M., 2004. 135 s.
11. Central State Archive of the Republic of Kazakhstan. F. 338. I. 1.
12. Mahmutov Z. A. Istoriya tatar Astany. Kazan', 2017. 224 s.
13. Central State Archive of the Astana. F.430, I.11.

АРХИВ ІСІНІҢ ТАРИХЫ МЕН ТӘЖІРИБЕСІ ЖӘНЕ ІС ЖҮРГІЗУ

ХҒТАР 03.81

Ғазиза Тұрмағанбетқызы Исахан

Астана қаласы мемлекеттік архивінің
Ғылыми-зерттеу және ақпараттық-түсіндіру
жұмысы қызметінің басшысы
isakhanG@bk.ru

ТӘУЕЛСІЗ ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ АРХИВ ІСІНІҢ ТАРИХЫНАН
Қазақстан Республикасы «Ұлттық архив қоры және архивтер туралы»
Заңының қабылдануының 25 жылдығына

Алтын мен жақұт жер мен мұхиттың терең қойнауларында бұғып жататыны секілді өмір мен ойдың да небір інжу-маржандары қатпар-қатпар іс қағаздарының тұңғиық қоймаларында бұғып, жасырынып жататынын бекерге шығара алмаймыз. Жалықпай, талмай зерттеушілер ғана олардың асылы мен нәрлісін сүзіп, екішеп, теріп алады, ұрпақтар мүддесіне, ел мен мемлекет мүддесіне жаратады. Өркениетті ұлттарға тән бір қасиет – ол болашағын неғұрлым көбірек ойлаған сайын, өткенін соғұрлым көбірек білгісі келеді. Өткенді білмей өспек жоқ десек, өткенді зерттеп білудің ең бір сындарлы көзі – архив!

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинеті жанындағы Архивтер мен құжаттама Бас Басқармасының басшысы С. Байжановтың Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің XI сессиясында сөйлеген сөзінен.
1993 жыл, қазан айы. [1]

Архив – өткеннен мол ақпарат беретін асыл қазына, шежіре, үлкен тағылымның, өлмеуге, өшпеуге тиіс мұралардың көзі. Архив қорындағы құжаттар саясат пен экономиканың, идеология мен мәдениеттің басты құралы.

Қазақ өлкесіндегі тұңғыш архив құжаттары мен маңызды жазба мәліметтер 1794 жылы негізі қаланған Бөкей ордасының архивінде сақталған, демек Қазақ елінде архив ісінің қалыптасуы, дамуының 230 жылдық тарихы бар. Бөкей ордасының архиві қазір Қазақстан Республикасы Орталық мемлекеттік архивінде сақтаулы.

Елімізде тәуелсіздік алғаннан кейін ғана «Ұлттық архив қоры және архивтер туралы» Қазақстан Республикасының Заңы 1998 жылы 22 желтоқсанда қабылданды. Бұл ел игілігіндегі құндылықтарды көздің қарашығындай сақтап, асыл мұраларды болашақ ұрпаққа қаз-қалпында жеткізуге, әрі зерттеуге жасалған маңызды қадам болды.

Бұл Заң архив ісінің дербес сала болуын заңдастырды. Бұған дейін бұрынғы не Ресей империясында, не Кеңестер Одағының 70 жылдық тарихында Архивтер туралы заң болмаған, бар мәселе атқарушы биліктің деңгейінде шешілген еді. Ал, әлемдік тәжірибеде өркениетті шет елдердің архивтер туралы заңы болды.

Қазақстандық Заңның алғашқы нұсқасы 1993 жылы 22 қазанда Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің XII сессиясында мақұлданып, 13 желтоқсандағы Жоғарғы Кеңестің жаңа шақырылуына түзетулермен енгізілген Заң жобасында халық депутаттары С. Әбдідин, М. Қозыбаев, О. Сәбденов, Қ. Айтаханов, Ш. Мұртаза, С. Зиманов, К. Смаилов және т.б. ұсынған өзгерістер мен қосымшалар назарға алынды [2].

Өкінішке орай, Парламент таратылып, жоба жоба күйінде қалды.

Оның үстіне 1996 жылы Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинеті жанындағы Архивтер мен құжаттама Бас Басқармасы таратылып, архив ісі жөніндегі өкілеттілік Қазақстан Республикасының Орталық мемлекеттік архивіне берілді, архив ісін басқару жүйесі бұзылды.

Халықаралық қауымдастықта өз орны бар тәуелсіз мемлекеттің архив құрылымын және негізін құру мәселелерін шешу кез келген өркениетті елдің өте қажетті шарттарының белгісі болып табылатындықтан, Архив туралы Заңды қабылдауды кейінге қалдыруға болмайтын еді.

1997 жылы күзде архив туралы заңды қайта әзірлеу мақсатында құрамында Орталық мемлекеттік архив қызметкерлері, тарих және этнология институтының ғалымдары, таңдаулы тарихшы-архивистері бар арнаулы жұмыс тобы құрылып, Қазақстан Республикасының жаңа Конституциясына сәйкес, қазіргі заманның заң шығару тәжірибелерін қолдана отырып Ұлттық архив қоры және архивтер туралы Заң жобасы Үкіметке ұсынылған еді.

Заң жобасында мекемелер мен жеке адамдардың архивтерді рухани және материалдық байлық дәрежесінде меншіктеу құқықтарын, архивтерді Ұлттық архив қорының құрамына қосу тәртібін, соның ішінде, олардың жойылып кету қаупі төнген жағдайларда, меншіктілігін шектеу тәртібін, архивтер мен иелері жөніндегі мемлекеттің бүкілұлттық байлықты қорғаушы дәрежесіндегі өкілеттілігін, сондай-ақ мекемелер мен азаматтардың Қазақстан Республикасының ерекше меншігі болып табылатын Ұлттық архив қорының құжаттарын сақтау мен пайдалануда кездесетін құқықтық қарым-қатынасын айқындап реттейтін тұғырлы ережелер орын алды. Заң жобасында архив құрылысының отандық және шетелдік дағдысы мен теориясы және бұл саладағы заң шығарудағы адамзат іс-әрекетінің тәжірибесі ескерілді.

1998 жылы 17 қыркүйекте ҚР Парламентінің Мәжілісіне енгізілген «мың өліп, мың тірілген» Заңды толықтыру, қабылдау кезінде Қазақстан Республикасы Премьер-Министрі Н.Ө. Балғымбаев, оның орынбасарлары А.С. Павлов пен И.Н. Тасмағамбетов, Парламент депутаттары М.Т. Оспанов, Ө. Озғанбай, Р.М. Жұмабекова, А. С. Смайылы, В. Мақалкин және Президент Әкімшілігі мен Кеңесі басшылары қолдау көрсетті [3].

Сөйтіп, Ұлттық архив қорын қалыптастыру, сақтау және жазбаша тарихи-мәдени мұраны қоғам мен мемлекет мүддесі үшін ғылыми зерделеуге құқықтық негіз жасалды, архив ісін мемлекеттік реттеудің басым бағыттары айқындалды, 100-ден аса нормативтік-құқықтық, әдістемелік құжаттар әзірленді.

2000-2004 жылдары Қазақстан Республикасы Мәдениет министрлігінің құрылымында

Мұрағаттар мен құжаттаманы басқару жөніндегі комитет, облыстарда, Астана, Алматы қалаларында мұрағаттар мен құжаттаманы басқару жөніндегі басқармалар (бөлімдер) жұмыс жасай бастады.

Осы жылдары архив терминологиясы қалыптасты, Қазақстан Республикасы Президентінің «Тілдерді қолдану мен дамытудың мемлекеттік бағдарламасына» сәйкес 2000 жылы «Рауан» баспасы ғылым, мәдениет, және экономика салаларының негізгі терминдерін қамтитын 31 томдық қазақша-орысша, орысша-қазақша терминологиялық сөздіктер сериясын шығарды. Сол серия ішінде «Іс жүргізу және мұрағат ісі» терминологиялық сөздігі жарық көрді. Сөздікте 5000-ға жуық іс жүргізу, архив қызметі, архивтану терминдерімен қатар, мемлекеттік басқару органдарында жиі қолданылатын сөздер, сондай-ақ, фотография, кинематография, дыбысжазба салалары бойынша терминдер де қамтылды. Бұл сөздік толықтырылып, 11000-нан аса терминдер қамтылған нұсқасы 2014 жылы басылып шықты. Көптеген архив терминдерінің қазақ тіліндегі баламасы нақтыланды, мысалы, оригинал – түпнұсқа; подлинник – түпнұсқа, түпқұжат; отпуск – төлнұсқа; дубликат – телнұсқа; черновик – шимайжазба; veto – әміртыйым; опись – тізімдеме; реестр – тізілім; перечень – тізбе; табель – тізімдік; список – тізім; индекс – әріпсан, т.т. [4].

«Қазақстан Республикасында архив ісін дамытудың 2001-2005 жылдарға арналған бағдарламасы», «Қазақстан Республикасында архив ісі мен құжаттама жүйелерін дамытудың 2007-2009 жылдарға арналған бағдарламасы», 2004-2006 және 2007-2009 жылдарға арналған «Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламалары, «Халық тарих толқынында» тарихи зерттеу бағдарламасы, «Архив – 2025» бағдарламалары аясында Ұлттық архив қоры шетел мұрағаттары мен кітапханаларынан қазақ халқының мәдени мұрасында тарихи маңызы бар мұрағаттық құжаттармен толықтырылды, аса құнды құжаттарды электрондық форматқа көшіру жұмыстары жүргізілді, архивтердің материалдық-техникалық базасы нығайтылды.

2000-2018 жылдар аралығында Ұлттық архив, Алматы, Шымкент қалаларының, Алматы, Қызылорда облыстарының мемлекеттік архивтері – қазіргі заманғы жабдықтармен жарақтандырылған архив мекемелерінің барлығы нысандары пайдалануға берілді, Ақтөбе, Батыс Қазақстан облыстарындағы облыстық архивтердің негізгі ғимараттары кеңейтілді.

Бүгінгі таңда архив мекемелері маңызды миссияны орындайды – еліміздің Ұлттық архив қорының сақталуын қамтамасыз етеді, архивтер ретроспективті ақпаратқа қол жеткізе отырып, елдің қоғамдық-саяси және әлеуметтік-экономикалық даму міндеттерін шешуге жәрдемдеседі, азаматтық қоғамның дамуына, тиімді мемлекеттік басқаруға, азаматтардың заңды құқықтары мен мүдделерін қорғауға ықпал етеді.

Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің Архив, құжаттама және кітап ісі комитеті мен Астана қаласы әкімдігінің қолдауымен 2023 жылы 7 желтоқсанда Астана қаласының мемлекеттік архиві өткізген «Ұлттық архив қоры және архивтер туралы» Қазақстан Республикасы Заңының қабылдануына 25 жыл толуына және Астана қаласының 25 жылдығына арналған «ASTANA ARCHIVE FEST» халықаралық форумы аясында Біріккен Ұлттар ұйымының 2030 жылға дейін тұрақты дамуының мақсаттарына және Халықаралық архивтер кеңесінің 2023 жылы қазан айында өткен Конгресінің тақырыптарына сәйкес «Архивтер: ақпараттық қоғамнан – білім қоғамына» пленарлық отырысында, «Қол жетімділік және жады», «Сенім және дәлел» «Жаңа Технологиялар: Электронды жазбалар және шешімдер» атты ашық диалог алаңында халық қалаулылары, мемлекет және қоғам қайраткерлері мен тарихшы ғалымдар, архивші мамандар бас қосып, қазіргі заманның жаһандық сын-қатерлері жағдайында архивтердің мемлекет және қоғам өміріндегі орны және архив саласын толғандыратын түйінді мәселелер төңірегінде ойларын ортаға салды.

Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының депутаты Дархан Қыдырәлі «Архивін сақтамаған ел – тарихы тоналған ұлтқа, жады жоғалған жұртқа айналады», деп жекелеген архив

ғимараттарының ескіргені, құзырлы органның өкілеттігінің жеткіліксіздігі, қаржыландыру мен штаттың аздығы, жалақының төмендігі сияқты себептерге байланысты архивтерге мемлекеттік қолдау көрсету қажеттілігіне назар аудартты.

Мәжіліс депутаты Айдос Сарым «Архив ісін архивистердің ішінде, тарихшылардың ішінде талқылаудың қажеті жоқ, бұл қоғамдық мәселеге, қоғамдық дискурсқа айналу керек, жаңа ақпараттық технологиялар дәуірінде архив саласындағы заңнамалық актілерге өзгерістер енгізу қажет» – деп ойын түйіндеді.

Расында, архивтер еліміздің әлеуметтік-экономикалық дамуына, азаматтық қоғамның өркендеуіне және мемлекеттік тиімді басқару мәселелерін шешуге, өткенімізді ғылыми тұрғыда танып-білуге тиімді ықпал ететіні анық. Салмақты ғылыми жұмыстар түпнұсқа құжаттарды зерделеу негізінде жазылады, ғаламтордағы контенттің де маңызы зор. Сондықтан, елімізде тарих ғылымының тұрақты дамуы, тарихи оқиғаларға объективті баға беру архив ісінің дұрыс жолға қойылуына тікелей байланысты.

Дж. Сантаяна «Өз тарихын ұмытқандар, өткен өмірін қайталауға мәжбүр», – деп, қазіргі қоғамда өз халқының тарихы мен мәдениетін сақтау, рухани-адамгершілік құндылықтарын насихаттау қажеттілігін еске салады. Архив – бұл өткенмен бүгінді, бүгінмен ертеңді байланыстыратын қасиетті, киелі орын. Архивтің тарихи-мәдени ақпараттың дереккөзі ретіндегі маңызы да осында. Біз өз халқымыздың рухани мәдениетінің бай тарихымен және ұлттық дәстүріміздің бірегейлігімен мақтануымыз керек.

«Қазақстан 2023-2027 жылдарға арналған ЮНЕСКО-ның Дүниежүзілік мұра комитетіне сайланды. Біздің еліміздің Дүниежүзілік мұра комитетіне сайлануы Қазақстанның бірегей мәдени және табиғи мұрасын сақтау жөніндегі белсенді жұмыстың халықаралық деңгейде мойындалуының дәлелі», - деп жазды баспасөз-ақпарат құралдарында.

Еліміздің архив қорларында сақталған Қожа Ахмет Яссауи және оның шәкірттерінің қолжазбасы, «Невада-Семей» ядроға қарсы халықаралық қозғалысының архивтік материалдары, сондай-ақ «Арал теңізінің архивтік қорлары» ЮНЕСКО-ның «Әлем жады» халықаралық құжаттық мұра тізіліміне енгізілген. Жалпы архивтерде білімді сақтау, білімді қоғам құру мақсатында ақпарат алмасудың әлеуметтік маңызы зор.

Президент 2023 жылғы Қазақстан халқына Жолдауында «Біз мәдениетті, білімді, ғылымды дамыту арқылы қазіргі ашық әлемнің бір бөлшегі болуға ұмтылуымыз керек» – деді. Түсіне білген адамға мәдениет те, білім де, ғылым да архивтерде. Архив – шынайы шежіре. Өткен жылдардың жаңғырығы жаңаша ой түзуге мүмкіндік береді. Ендеше, халық қазынасын сақтап отырған архив саласын дамытуға күш салайық.

Осы орайда академик Зейнолла Қабдоловтың сөзі еске түседі: «Халық пен архив синонимдес ұғым, архивтері болмай, шежіресі болмай ұлт ұлт болмайды. Архив қорларын байыту керек. Елдің ел екендігін, тамырымыздың терең жайылуын ойласақ, бүгіннен кейін, архивтерді насихаттап, архив қызметкері болып жүрейік».

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. ҚР ҰА. Қор 41. 1 тізімдеме. 188 іс. 137, 138 бб.
2. ҚР ҰА. Қор 41. 1 тізімдеме. 188 іс.
3. Сариева Р.Х. К 25-летию принятия Закона Республики Казахстан «О Национальном архивном фонде и архивах» //Жаңа архив. Ғылыми-әдістемелік журнал. 2023. Т.2. №4. 45-46 бб.
4. Қазақша-орысша, орысша-қазақша терминологиялық сөздік./ жалпы ред. басқ. М.Б. Қасымбеков, жоба ғыл. жетекшісі А.Қ. Құсайынов. Т. 28. «Іс жүргізу және мұрағат ісі». – Алматы, 2014. – 512 б.

АРХИВ ЖӘНЕ БОЛАШАҚ ҰРПАҚ

Дулат Данагүл

Астана Халықаралық университетінің
Педагогикалық колледжі студенті

ТАРИХЫ МЕН ТАҒЛЫМЫ МОЛ БІЛІМ ОРДАСЫ – ӨТКЕННЕН СЫР ШЕРТЕДІ

«Адам бойындағы ең тамаша нәрсе-білім мен ақыл»

Жүсіп Баласағұни

Астана Халықаралық Гуманитарлық колледжінің тарихы тереңнен басталады. Өзінің қазіргі таңда білікті мамандар дайындау мен жоғарғы деңгейдегі білім сапасына жету жолын сонау кеңес үкіметінен бастаған. Осы жылы аталмыш оқу орнына 95 жыл толып отыр. Бұл білім ордасын жыл сайын 300 ге жуық білікті маман тәмамдайды.

Астана халықаралық университетінің Педагогикалық колледжінің тарихы оқу орнының алғашқы іргетасы 1928 жылы қаланып, Көкшетау қаласындағы педагогикалық техникумын осы Ақмолаға көшіріліп әкелуінен басталады. (қор 241, тізім 1, іс 39, парақ 108, архивтік материал) Ақмолаға көшіріліп әкелінген педагогикалық техникумның алғашқы директоры Көкшетаудан оқу орнымен бірге келген С.Д.Добромыслов болды. Ол өзімен бірге жаңа оқу орнына бірнеше оқытушыны ертіп ала келген. Олар орыс тілі пәнінің оқытушысы В.А.Комарова, тарихшы П.И.Беляков, математика пәнінің оқытушысы Ш.П.Чубаровтар еді. 1- жылы оқушылар саны 98 болса, содан соң 600 ге жетті. Орыс топтарындағы білім алушылар саны – 486, қазақ топтарында – 114, ән айтуға бағытталған мектеп бөлімінде – 125, мектепке дейінгі топтарда – 180 білім алушы болған.

Алғаш көшірілген оқу орнында 1928 жылы орыс тілінде оқытатын мектеп бөлімінің бірінші және екінші курстарына жүзден астам оқушылар дәріс алды. Себебі қазақша дәріс беретін мамандар жетіспеді. Соған орай техникум жанынан қазақ тілінде дәріс беретін мұғалімдер даярлайтын арнайы курс ұйымдастырылды. Техникумдағы оқу мерзімі 3 жыл болды. Кеңес

үкіметінің алға қойған мақсаты, жергілікті ұлт өкілдерінен мамандар даярлау еді. Осы негізде 1929 жылы қазақ мектептеріндегі бастауыш сыныптарының мұғалімдерін даярлайтын бөлім ашылды.

Алғашында 1928 жылы, Ақмолаға көшірілген пед. техникумның қол астына ғимарат ретінде, мамандарды оқытуға М. Горький атындағы орыс драма театры беріледі. Ал оған дейін бұл театр церковьқа берілген болатын. Қазақстанда орналасқан бұл көне театрлардың бірі ХІХ ғасырдың соңында іргетасы қаланған. 1920-1930 жылдары театр аяққа тұрып, өзінің қойылым, спектакльдарымен көрермендерді қуантып жүреді. Алайда бұл театр жұмысшы, актерлері Халық үйінде, кейін Александр-Нев соборында, сосын Жаздық театрда қыс мезгілінде жұмыс жасауға мүмкіндігі болмайды. Тек 1939 жылы өз жұмысын қазіргі ғимаратта жалғастырады.

Кеңес үкіметі құрылғаннан кейін, кеңестердің сауатсыздықты жою мақсаты қойылды. Сол жылдары мешіт, медреселердің ғимараттарын оқу орындарына берген. (Выписка секретариата, протокол №43, 20 марта 1930 год, архивтік материал)

1930 жылдары бұл педагогикалық техникумның жағдайы мүшкіл болады. Берілетін шәкіртақы өте аз мөлшерде болғандықтан оны өсіруді талап ету ұйғарылады. Сондықтан шәкіртақын көбейту жөніндегі ұсыныс хат жазылады. (Қор 241, тізім 39, парақ 208, архивтік материал) Бірақ бұл ұсыныс хатқа бас тарту жауабы келеді. (Қор 241, тізім 1, іс 39, парақ 208, архивтік материал)

1930 жылы аталмыш оқу орнының С. Добромысловтан кейін Л. Л. Лигай, М.А. Алибаев, Аманшельдин, Жолдыков, Ахметқали Ынтықбаев (толық аты-жөндері дерексіз) қысқа мерзімде өз жұмысын атқарған. Мұндай деректі техникумның 1930 жылғы түлегі Вера Кокинаның естелігіне сүйенеміз. Бірақ, Ынтықбаевтың директор болғаны туралы нақты ресми деректер жоқ, тек оқу ісінің меңгерушісі болған деседі және ол кісі де мұнда ұзақ уақыт қызмет жасамаған.

1930 жылы техникумды алғаш 16 түлек тәмамдайды. Онда төртінші және үшінші курстағы студенттер оқуды жеделдетілген әдіспен аяқтайды. Сол алғашқы түлектердің бірі А. Ф. Патлов өзінің естелігінде сол кездегі оқу жүйесі жайлы былай дейді «Біз дальтон жоспары бойынша оқыдық, яғни тапсырма сұрақтар пен пайдаланылатын әдебиеттер тізімі қоса берілетін де, біз солар бойынша өз бетімізбен дайындалып, сосын сынақ тапсыратынбыз» 1931 жылы оқу орны өз орнына Көкшетауға қайтадан көшіріледі. Осы жылы Қарағандының ірі өнеркәсіп орталығы қарқынды дами бастайды да, жан-жақты мамандар мен жұмысшылар көптеп тартылып, халық саны артылуына байланысты оқу орны бірден Көкшетаудан Қарағандыға көшіріледі.

Аталмыш техникум Қарағандыда жеті жыл жұмыс істеп тұрып, 1938 жылы онда мұғалімдер даярлайтын институттың ашылуына байланысты бұл жолы енді қайтадан Ақмолаға көшіріледі. Мұнда екінші рет әкелінгенде де дайын ғимарат болмағандықтан қазіргі «Целинигидроماش» зауытының орнындағы қазақ мектебінің бір бөлігіне орналастырылады.

Қарағандыда педагогикалық техникум жеті жыл жұмыс жасап, 1938 жылы қайтадан Ақмолаға көшіріледі. Бірнеше сәтсіздіктен кейін 1941 жылы Шучинск қаласына көшіріледі де, 4 жылдай Шучинск қаласында оқытуын жалғастырып, педагогикалық техникум педагогикалық училище болып аталады. 1944 жылы қайтадан Ақмола қаласына көшіріліп, осыдан кейін ғана оқу орны біржола тұрақтанып қалады

Астана гуманитарлық колледжі 1944 жылы 6 маусымда Ақмола облыстық еңбекшілер депутаттары Кеңесі атқару комитетінің шешімімен құрылды. 1946 жылдың маусымында Халық депутаттарының Ақмола облыстық кеңесі арнайы шешім қабылдайды. Онда: «педагогикалық училище оқу үйінің ғимаратымен, жатақханамен, оқыту ісіне қажетті құрал жабдықтармен қамтамасыз етілсін» делінген.

1947-1949 жылдары бұл оқу орынында негізгі пәндер ретінде жаратылыстану, орыс тілі, қазақ тілі, педагогика, жағрафия, тарих, биология тағы да басқа пәндер оқытылған.

1961 жылы Ақмола қаласының атауы Целиноград болып ауысқаннан кейін, училище атауы да Целиноград педагогикалық училищесі болып өзгертілді. Жаңа мамандықтарға даярлайтын кафедралар ашылды. 1972 жылы Музыкалық бөлім ашылса, 1995 жылы «Қазақ тілі мен әдебиет» мамандығы ашылды. Сосын 2001-2002 жылдары «Дене тәрбиесі» мамандығы ашылды.

Кейін оқу орнының атауы бірнеше рет ауысты. 2019 жылы 19 тамыздағы №4 мемлекеттік жекешелік әріптестік жобасы бойынша шарт негізінде Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің «Гуманитарлық колледжі» мемлекеттік коммуналдық кәсіпорыны Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің «Қоғамдық тамақтандыру және сервисі колледжі» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорынына қосылу жолымен қайта ұйымдастырылды.

2020 жылы 30 желтоқсанда «Астана Халықаралық университеті» ЖШС ке университеттің педагогикалық институты жанынан заңды тұлға құрмай, «Педагогикалық колледж» құрылымдық бөлімшесін құрумен сенімгерлік басқаруға берілді.

Қазіргі таңда оқу орны көптеген жетістіктерге жетіп отыр. 2017 жыл лидері Ұлттық сертификат иегері, ҚР педагогикалық колледждердің Ұлттық рейтингі бойынша 3-ші орын, 2018 жыл лидері Ұлттық сертификаты, Санкт-Петербург педагогикалық колледжімен ынтықмақтастық меморандумға қол қойылды 2014 жыл, WorldSkills Kazakhstan аймақтық чемпионатында I III орындарға ие болды, РФ №2 Челябинск педагогикалық колледжімен ынтымақтастық келісімге қол қойған 2019 жыл, РФ Казань педагогикалық колледжімен Меморандум жасасқан 2020 жыл осы сияқты көптеген жетістіктерді иеленген.

Мамандық таңдау адам өміріндегі ең басты, әрі жауапкершілікті талап ететін қадам. Менің мамандық таңдау барысында қиналғаным әлі есімде. Ал мамандық таңдаған соң, сол мамандықты басыңды тік ұстап жүре алатындай етіп меңгеру қажет. Сол үшін мен Астана Халықаралық университетінің Педагогикалық колледжін таңдадым. Мен үшін өз мамандығыңның шебері болу – мақсат. Сол мақсатқа жету жолымда осы оқу орны маған қатты көмектесуде. Ең бірінші, білімнің кеңдігі, екінші, барлық жағдай жасалғандығы мені қатты қуантады. Маман ұстаздардың бізді үйретудегі еңбегі де мені қайта тәрбиелеп жатқандай. Бізді оқытқан ұстаздардан біз бір жақсы қасиет алып қаламыз, сол сияқты мені оқытып жатқан керемет ұстаздардан мен тұлға ретінде ашылу үшін көптеген қасиеттерін алып, үйреніп жатырмын.

3. «АРХИВ ХАБАРШЫСЫ» журналын жариялауға мақаланы талқылау және ұсыну. Ғылыми мақалаларға қойылатын талаптарды анықтау бойынша ҒӘК хатшысы Баяхметов С.У. баяндама жасады. Ұлттық қорғаныс университетінің аға оқытушысы Макипов А.С., Астана қаласының Тілдерді дамыту және архив ісі басқармасының ММ архив ісін ұйымдастыру бөлімінің басшысы Тажина Ж.Қ. қажетті кеңестер мен түрлі ой пікірмен бөлісті.

4. Кеңес мүшелері сұрақтар қойып, пікір алмасты. Профессор Г.Т. Мусабалина ұсыныстар ұсынып, қорытынды сөзбен аяқтады.

Кеңес соңында Астана қаласының мемлекеттік архив директоры Бимолдин Ж.Б. бірауыздан қабылданған шешімдер ескеріліп, бекітілетінін айтты.



https://www.facebook.com/permalink.php?story_fbid=pfbid03633GjwnBEm2vrENNSvtqLoRckAUaGr68rmsBKfEKesV9vgCkT5MjaVV1tRLUEpsl&id=100013403896163

ҰЛЫБРИТАНИЯДАН ҚАЗАҚСТАН ТАРИХЫНА ҚАТЫСТЫ ҚҰНДЫ ҚОЛЖАЗБАЛАР МЕН ҚҰЖАТТАР ТАБЫЛДЫ

Қолжазбалар және сирек кітаптар ұлттық орталығының мамандары Ұлыбританиядағы ғылыми-зерттеу экспедициясы аясында ҚР СІМ қолдауымен Лондон, Оксфорд және Манчестер қалаларындағы кітапханалар мен архивтерге, ғылыми орталықтарға барды. Мамандар 15 қолжазба мен 500-ге жуық архив құжатының көшірмесін алды.

Манчестер қаласынан табылған құнды қолжазбалардың бірі – шамамен X-XII ғасырларда алғаш түркі тіліне аударылған қасиетті Құран кітабы. Түркі тіліндегі аудармасы Жүсіп Баласағұнидің «Құтты білік» тіліне өте жақын. Кітаптың түркі-ислам мәдениеті үшін маңызы зор. Сондай-ақ маңызды қолжазбалардың бірі – араб тілінде библиографиялық бағытта жазылған ортағасырлық еңбек. «Китәб мақалаат әр - Рафиияға фи и усул ғилм ат-табиия» (Табиғат ғылымының негіздері жайлы жоғары мақалалар кітабы) кітабында Әбу Насыр әл - Фарабидің өмірбаяны мен қолжазбалары туралы мәліметтер бар. Еуропалық зерттеуші ғалым Карл Броккельман өз еңбегінде қолжазба әл-Фарабите тиесілі екенін атап көрсеткен.

Қазақстандық мамандарды Оксфордтың Бодлиан кітапханасынан XI ғасырдағы парсы тарихшысы Әбу Саид Абд-әл-Хайи-Гардизидің «Зейн әл-ахбар» еңбегі қызықтырды. Қолжазба 1049-1053 жылдар аралығында жазылған. Еңбекте 1032 жылға дейінгі парсы (исламға дейінгі) патшалардың, Мұхаммед пен халифалардың, сондай-ақ Хорасанның 1041 жылға дейінгі тарихы қамтылған. Үндістан, Азияның түркі тайпалары, орыстар, гректер арасындағы ғылым, дін, мерекелер туралы тараулар бар. Аталған қолжазбаның үзінділерін В.В. Бартольд «Моңғол шапқыншылығы дәуіріндегі Түркістан» және

«1893-1894 жылдардағы Орта Азияға сапар туралы есеп» еңбектерінде қолданған. Ұлттық орталықтың қызметкерлері мен шетелдік ғалымдар қолжазбалар мен басқа да еңбектерге бірлескен зерттеулер жүргізуді жоспарлап отыр.





Представители Национального центра рукописей и редких книг в рамках научно-исследовательской экспедиции в Великобританию при поддержке МИД РК посетили библиотеки, архивы и исследовательские центры Лондона, Оксфорда и Манчестера. Специалистам удалось получить копии 15 рукописей и около 500 архивных документов, связанных с историей нашей страны.

Одной из ценных рукописей, найденных в Манчестере, является священная книга Коран, впервые переведенная на тюркский язык около X-XII вв. в эпоху Караханского государства. Тюркский перевод очень близок к языку перевода «Кутти Билик» Юсуфа Баласагуни. Книга имеет огромную ценность для тюрко-исламской культуры. Также одной из важных рукописей является средневековый труд на арабском языке, написанный в библиографическом направлении. В «Китаб макалат ар - Рафииъа фии усул ылим ат-табиийъа» (Высшая книга статей об основах естествознания) имеются сведения о биографии Абу Насира аль-Фараби и его рукописях. Европейский ученый-исследователь Карл Броккельман в своей работе отметил, что эта рукопись, принадлежит аль-Фараби.

В Бодлианской библиотеке Оксфорда казахстанских специалистов заинтересовала книга «Зейн аль-Ахбар», написанная персидским историком XI века Абу Саидом Абд-аль-Хайи-Гардизи в 1049-1053 годах. Она содержит историю персидских (доисламских) царей, Мухаммеда и халифов до 1032 года, а также историю Хорасана до 1041 года. Есть главы о науке, религиях и праздниках Индии, тюркских племен Азии, русских и греков. Отрывки этой рукописи В.В. Бартольд использовал в своих трудах «Туркестан во время монгольского нашествия» и «Отчет о поездке в Среднюю Азию в 1893-1894 годах». Сотрудники Национального центра и зарубежные учёные планируют провести совместные исследования рукописей и других трудов.

<https://www.facebook.com/sirekkitaip/posts/pfbid0BvXef5SjvrgS8QdxGHwnTwiY3h8rniKETgttmdMH36dt9ak8Xp4D5cmGgSx8bpZ4I>

«НАУРЫЗ – АРХИВ ДЕРЕКТЕРІНДЕ» ФОТОҚҰЖАТТЫҚ КӨРМЕСІ

Астана қаласының Мемлекеттік архиві Наурыз мейрамына арналған архивтік құжаттар негізінде «Наурыз – архив деректерінде» фотоқұжаттық көрмесін ұсынды. Көрмеде құнды тарихи құжаттар, Наурызды тойлау тарихы туралы деректі ақпарат ұсынылған. Көрмеде ХХ ғасырдың басындағы араб графикасында жазылған құжаттар және Наурыз мерекесінің тарихы туралы құнды құжаттар көрсетілген. Кеңес заманында 1920 жылдардың аяғында Наурыз мейрамы ретінде алып тасталынды, бірақ 1988 жылы қайта жанданды.

1927 жылы Ақмола қаласында Наурызды мерекелеу және 1922 жылы Атбасар даңғыл жолында ат жарысын өткізу туралы құнды құжаттар сол дәуір тарихынан сыр шертеді. 1989 жылы Наурыз Целиноград қаласында алғаш рет тойлана бастады, бұл туралы Целиноград қаласының мәдени-ағарту мекемелерінің есептерінен танысуға болады. Наурыз мейрамы – көктемгі жаңарудың, махаббат, құнарлылық пен достық салтанатының символы болып табылады.



https://www.facebook.com/permalink.php?story_fbid=pfbid02yeuyN3nwoqJtzC3oLL83szYQ8JwgJLL2dFqf4h3Nco5U7R95FunjA8ENjRYa9zYHl&id=100013403896163

ҚҰТТЫҚТАЙМЫЗ

САРИЕВА РЫСТЫ ХАЛЕСҚЫЗЫ – 75 ЖАС МЕРЕЙТОЙМЕН ҚҰТТЫҚТАЙМЫЗ!



Сариева Рысты Халесқызы 1949 жылы 28 наурызда Орал облысы (қазіргі Батыс Қазақстан облысы), Бөкейорда ауданы, Орда селосында дүниеге келді.

1970 жылы А.С. Пушкин атындағы Орал мемлекеттік педагогикалық институтының физика – математика факультетін тәмамдап, Орал облысы Жәнібек орта мектебіне мамандығы бойынша математика пәнінің мұғалімі болып орналасады. Жас маманның іскерлігі мен белсенділігі байқалып, екі жылдан соң Орал облысы Жәнібек аудандық комсомол комитетінің хатшысы болып сайланады. 1974-1989 ж.ж. Р.Х. Сариева Торғай облысы Халықтық депутаттар кеңесінің Арқалық аудандық атқару комитетінің төрайымы, Қазақстан Коммунистік партиясы Қима аудандық комитетінің бірінші хатшысы қызметтерін атқарды.

1989-1991 ж.ж. Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің идеологиялық бөлімі меңгерушісінің орынбасары (Алматы қаласы), Қазақстан Компартиясы Торғай облыстық комитетінің хатшысы қызметтерін атқарды.

1991 жылы партиялық жүйенің таралуы кезеңінде Қазақстан Республикасы Министрлер кабинеті мен Президент Аппаратының Халыққа білім беру, мәдениет және жастар ісі бөлімінің аға референті, 1992 жылы Қазақстан Республикасы Сыртқы экономикалық байланыс министрлігінің Торғай облыстық сыртқы экономикалық байланыс басқармасының бастығы қызметтерін атқарды.

1993-1997 жылдар аралығында Торғай облысы әкімінің орынбасары қызметін атқарды. 1997 жылы Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы бойынша Сариева Р.Х. Қазақстан Республикасы Орталық мемлекеттік мұрағатына директор болып тағайындалып, осы уәкілетті органды 2004 жылдың қарашасында қайта ұйымдастырылғанға дейін басқарды.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 19 шілдедегі № 692 қаулысымен Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігі Ақпарат және мұрағаттар комитетінің «Қазақстан Республикасының Ұлттық мұрағаты» мемлекеттік мекемесі құрылды. Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрінің 2006 жылдың 14 тамызындағы № 71-к бұйрығымен Ұлттық мұрағаттың қызметін қамтамасыз ету және сапалы жаңа даму деңгейіне көшу шарттарын жасау мақсатында жоғары кәсіби біліктілігі ескеріле отырып Сариева Р.Х. «Қазақстан Республикасы Ұлттық мұрағаты» мемлекеттік мекемесінің бас директоры болып тағайындалды. Р.Х. Сариеваның басшылығымен Ұлттық мұрағаттың қалыптасуы мен дамуында ауқымды жұмыстар атқарылды.

Рысты Халесқызы бірнеше кітаптың авторы: оның ішінде мамандарды дайындауда оқу құралы ретінде қолданылып жүрген «Очерки по истории организации архивного дела в Казахстане» (1918-1945); «Делопроизводство и архивное дело» терминологиялық сөздігін; мұрағат ісі саласындағы нормативтік-құқықтық актілер мен ғылыми-әдістемелік құжаттар жинағы (2001-2009 жж.) және мәдениет, тарих пен деректану мәселелері жөнінде 110-нан астам ғылыми басылымдар мен мақалаларды атауға болады. Р.Х. Сариеваның Исландия (2001), Франция (2002), Австрия (2004), Қытай (2005) елдеріндегі бас ассамблея отырыстарына, халықаралық мұрағаттар кеңесінің конференцияларына қатысуы нормативтік-құқықтық, ғылыми-әдістемелік базаларын құру мәселелері бойынша және мұрағат ісі жөнінде мекемені материалдық - техникалық базамен жетілдіру, жаңа ақпараттық технологияны енгізу, халықаралық ұйымдарға Қазақстан Республикасы және оның астанасының жеткен жетістіктері туралы насихаттауы мемлекетіміздің мәртебесін көтеруге үлесін қосты.

Р.Х. Сариеваның «Архивы Казахстана и России: содружество во имя будущего» (2003 жылдың 3-4 қыркүйегі, Ресей), «Интеграция документов Коммунистической партии в состав Национального архивного фонда Республики Казахстан» (2004 жылдың 24 тамызы, Австрия) және басқа да баяндамалары шетел әріптестерінің ынтымақтастықты дамытуға қызығушылық танытуына, шетел мемлекеттерінде отандық тарих пен мәдениетіне қатысты раритеттік басылымдар мен мұрағаттық құжаттардың көшірмесін іздеу мен иемденуінде ресми қатынастың қалыптасуына әсер етті. Сонымен қатар Армения, Мысыр, Өзбекстан, Қытай, Монғолия, Польша, Ресей, Түрік елдерімен мұрағат ісі саласындағы ынтымақтастық туралы келісімшарттарына қол қою жұмыстарын ұйымдастырды.

2001-2008 ж.ж. Рысты Халесқызы екі мәрте Халықаралық мұрағаттар кеңесінің Еуразиялық аймақтық бөлімінің төрағасының орынбасары болып сайланды. Сондай-ақ жоғарыда аталған халықаралық ұйымның Қазақстанда өткізілетін кезекті форумдарын ұйымдастыру және «Правовые проблемы архивного дела Евроазиатском регионе» (2002 жылдың 26-27 қыркүйегі, Астана), «Электронный документооборот и архивы» (2008 жылдың 6-7 қарашасы, Астана) халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференцияларды өткізудің ұйымдастыру комитетінің төрайымы болды. Соның нәтижесінде еліміздің астанасында қабылданған құжаттар еуразиялық ұғымның қалыптасуына, әріптестіктің нығаюына, ТМД елдерінің қатысушы мұрағат қызметтері арасында тиімді ынтымақтастықтың қалыптасуының сенімді негізіне айналды.

Белсенді еңбегі үшін «Тың және тыңайған жерлерді игергені үшін» медалі (1984 ж.), «Астана» (1998 ж.) және «Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігіне 10 жыл» (2001 ж.) мерекелік медальдары, «Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері» құрметті атағы (2003 ж.), Қазақстан Ре-

спубликасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің Құрмет грамотасы (2005 ж.), «Қазақстан Республикасының тәуелсіздігіне 20 жыл» (2011 ж.) мерекелік медалі, «Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігіне 30 жыл» (2021 ж.) мерекелік медалі, «Архив саласының үздігі» төсбелгісі және «Құрмет» орденімен марапатталды.

Құрметті, **Рысты Халесқызы**, Астана қаласының мемлекеттік архиві және «Архив хабаршысы» ғылыми-көпшілік, ақпараттық-әдістемелік журналының редакциясы Сізді 75 жас мерейтойыңызбен шын жүректен құттықтайды!

Құттықтауымызды 1999 жылы 28 наурызда ҚР ОМА жеке қорлар бөлімінің Сізге арнаған өлеңімен жалғастырамыз:

Арман қуған Ақ Жайықтың бір қызы,
Наурыз-көктем гүлі ғой ол қырмызы.
Ел сүйсінді ол самғаған биікке,
Самаладай сайрап жатыр қырда ізі.

Тағдыр солай елден ерек сый берді,
Әкім болып ел билеуді игерді.
Енді міне сақтап халық мұрасын,
Аманат қып сан ғасырға үйренді.

Бастап тастай салған емес бір істі
Талай іске хас батырдай кірісті.
Қабылдатты мұрағат жайлы тұңғыш Заң
Затына сай аты оның – Рысты!

Көкке шарлап қазақ қызы ұғымы,
Биік болсын қайраткерлік тұғыры,
Отбасында шаттық шалқып әрқашан
Тілегіміз – ұзақ болсын ғұмыры!

ЖҮСІПОВ ЕРМЕК ҚОЖАЙҰЛЫ – 75 ЖАС МЕРЕЙТОЙМЕН
ҚҰТТЫҚТАЙМЫЗ!



Жүсіпов Ермек Қожайұлы 1949 жылы 28 ақпанда Солтүстік Қазақстан облысы Совет ауданы (қазіргі Аққайың ауданы) Степное ауылында дүниеге келген.

1967-1973 жж. С.М. Киров атындағы ҚазМУ-дің (қазіргі Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ) тарих факультетін бітірген.

1981-1982 жж. «Архивтану» мамандығы бойынша Мәскеу тарихи-архив институтының бір жылдық білімін жетілдіру курсында оқыған.

Ермек Қожаұлы 1969 жылдан бастап архив саласындағы еңбек жолын Алматы облысының мемлекеттік архивінде кіші ғылыми қызметкер болып бастады. 1973-1974 жж. Совет армиясының қатарында болады.

1975 жылы Алматы облысының мемлекеттік архивіне жұмыс орнына қайта оралып, 1977 жылдан Қазақ КСР-нің Министрлер кеңесі жанындағы Бас архив басқармасында аға инспектор болып жұмысын жалғастырады.

1982-1994 жылдары Алматы политехникалық техникумда іс жүргізуді ұйымдастыру пәнінен сабақ береді.

1994 жылдың мамырынан Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинеті жанындағы Архивтер мен құжаттама Бас басқармасының бас инспектор-архивші, ұйымдастыру-талдау жұмысы бөлімінің бастығы қызметтерін атқарады.

Сонымен қатар, осы кезеңде Абылайхан атындағы Қазақ мемлекеттік әлем тілдері университетінде Құжаттану және құжаттаманы басқару пәні бойынша ұстаздық қызметпен ұштастырады.

1997 жылы Қазақстан Республикасы үкіметінің жанындағы Ақпаратты қорғау жөніндегі мемлекеттік техникалық комиссияның Ақпаратты қорғау қызметінің бас мамны болып қызмет атқарады.

1997-2000 жылдары Қазақстан Республикасы Орталық мемлекеттік архивінде бас маман, үйлестіру-әдістемелік бөлімнің бастығы, 2000-2004 жылдары Қазақстан Республикасы Мәдениет министрлігінің Мұрағаттар мен құжаттаманы басқару жөніндегі комитетінің Архив ісін ұйымдастыру, үйлестіру және әдістемесі бөлімінің бастығы болып қызмет атқарады.

2004-2012 жылдары Қазақстан Республикасы Мәдениет министрлігінің Ақпарат және архивтер комитетінің Архивтер мен құжаттаманы басқармасының бастығы, 2012-2014 жылдары Қазақстан Республикасы Ұлттық архивінің Бас директорының орынбасары қызметтерін абыроймен атқарды.

Ермек Қожайұлы архив ісі саласындағы адал, ұзақ еңбегі үшін «Құрмет» орденімен, «Ерен еңбегі үшін» және бірқатар мерейтойлық медальдармен, «Мәдениет қайраткері», «Архив саласының үздігі» белгілерімен және Министрлік пен Комитеттің алғыс хаттарымен және грамоталарымен марапатталған.

Қазақстан Республикасының «Ұлттық архив қоры және архивтер туралы» Заңын, архив ісі саласындағы нормативтік және әдістемелік құжаттарды, Мемлекеттік және мемлекеттік емес ұйымдарда құжаттау және құжаттаманы басқарудың үлгілік қағидаларын, басқа да нормативтік-құқықтық актілерді, архив ісі мен құжаттаманы басқару саласындағы әдістемелік құралдарды негізгі әзірлеушілердің бірі.

Ермек Қожайұлы архив ісі саласында көп жылдар өнегелі еңбек етіп, тындырымды істер атқарған, осы бір маңызды саланың қыр-сырын жастарға үйретуден жалықпаған, еліміздің ең ірі архивтерінде жауапты басшылық қызмет атқарып, Астана архивінің қалыптасуына да өз үлесін қосқан тәжірибелі маман.

Ермек Қожайұлын архив қызметкерлері өз ісіне берілгендігі мен кәсіби шеберлігі, қарапайым мінезі, әділдігі мен адамгершілігі үшін құрмет тұтып сыйлайды.

Құрметті **Ермек Қожайұлы**, денсаулығыңыз мықты, отбасыңыз аман, жүзіңіз жарқын, ғұмырыңыз ұзақ та мағыналы болсын!

Әрқашан мерейіңіз үстем, мәртебеңіз биік болсын!



Архив ісінің үздігі Ғазиза Тұрмағанбетқызы Исахан еліміздің архив ісі саласында 1989 жылдан бері қызмет етіп келеді, Орталық мемлекеттік архивте архивші, 1 дәрежелі археограф, аға палеограф, бөлім меңгерушісі, Қазақстан Республикасының архив ісі саласындағы уәкілетті органда бас сарапшы, бөлім бастығы, Архив ісі және құжаттама басқармасының басшысы, 2014-2018 жылдары Қазақ Ұлттық өнер университетінде Ақпараттық кітапхана қызметінің басшысы, 2019 жылдан бастап Астана қаласының мемлекеттік архивінде Ғылыми-зерттеу және ақпараттық-түсіндіру жұмысы қызметінің басшысы қызметін атқарып келеді.

Ол 1987 жылы қазіргі Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінің филология факультетінің араб тілі бөлімін бітірген. 2007 ж. ВНИИДАД, 2007, 2013 жж. Қазақстан Республикасы Президенті жанындағы Мемлекеттік басқару академиясының қайта даярлау курстарын бітірген.

Ғ.Т. Исахан «Ұлттық архив қоры және архивтер туралы» Қазақстан Республикасының Заңын, архив ісі саласындағы нормативтік және әдістемелік құжаттарды, архив ісі саласындағы бағдарламаларды ана тілінде сөйлеткен, жекелеген құжаттарды әзірлеуге қатысқан тәжірибелі маман. Шетелдер мен архив ісі саласындағы ынтымақтастық туралы келісімдерді әзірлеуге, іске асыруға зор үлес қосты. Армения, Египет, Өзбекстан, Польша, Ресей, Түркия, Франция мемлекеттерінің архивтері мен ғылыми мекемелерінен Қазақстан тарихына қатысты құнды құжаттардың көшірмелерін Ұлттық архив қорына тапсырылуына, АҚШ, Башқұртстан, Вен-

грия, Қытай, Татарстан, Ұлыбритания, Финляндия архивтері мен ғылыми мекемелерінен, кітапханаларынан құнды деректердің іздестірілуіне белсене араласты.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің тапсырмасымен Франциядағы Мұстафа Шоқай архивінің оралуына, кейіннен Польша, Ресей, Түркия мемлекеттерінің архивтері мен жеке коллекционерлерінен М. Шоқайға қатысты құнды құжаттардың, Ұлыбританиялық шетелдік коллекционерден «Яш Түркістан» журналының түпнұсқаларының, Мысырдан шығыстанушы ғалым Насролла ат-Таразидің жеке архивінің Ұлттық архив қорына тапсырылуына қомақты үлес қосты.

Ақжан әл-Машани, Қасым Қайсенов, Зейнолла Қабдолов, Өзбекәлі Жәнібеков, Асанбай Асқаров, Санжар Жандосов, Әзілхан Нұршайықов, Олжас Сүлейменов, Тұрсынбек Кәкішев, Бибігүл Төлегенова және т.б. еліміздің белгілі тұлғаларының жеке құжаттарының Орталық мемлекеттік архив қорына алынуына араласып, Ұлттық архив қорын байытуға қалтқысыз қызмет етіп келеді.

Махамбеттің 200 жылдығы, А. Байтұрсыновтың 125 жылдығы, Ж. Жабаяевтың 150 жылдығы, М. Әуезовтың 100 жылдығы, С. Мұқановтың 100 жылдығына арналған, «Отанына оралған жәдігерлер», «Қазақстандағы ашаршылық 1931-1933: фактілер мен құжаттар», «Архив – Ұлттың тарихи жады» және т.б. республикалық архив құжаттары көрмелерінің ұйымдастырушысы.

«Ұлттық архив қоры және архивтер туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 15 жылдығына орай 2013 ж. елімізде тұңғыш ұйымдастырылған мұрағат ісі саласындағы жас мұрағатшылардың республикалық байқауының, мұрағат ісі және құжаттану саласында әдістемелік конкурстың ұйымдастырушысы.

2002, 2014 жылдары мемлекеттік тапсырыспен шыққан «Іс жүргізу және мұрағат ісі» қазақша-орысша, орысша-қазақша терминологиялық сөздіктің авторларының бірі. «Языковая политика в Казахстане» (1997), «Әуезов және архив» (1997), 2 томдық «Мұстафа Шоқайдың эпистолярлық мұрасы» (2006), «М. Шоқай. Туркестан – наша общая колыбель» (2011), Екінші дүниежүзілік соғыс жылдарындағы қазақстандықтардың ерлігі – архив құжаттарында» (2023) құжаттар жинақтарының, «Шаһар шежіресі» (2023) фотоальбомының жауапты құрастырушысы, «Елорда – тәуелсіздік символы» (2021) ғылыми-көпшілік басылымының авторларының бірі, «Қазақстан тарихы шетел мұрағаттарында» көптомдық ақпараттық анықтамалығының шығарылуына бастамашы болды. «Насильственная коллективизация и голод в Казахстане в 1931-1933 гг.», «Трагедия казахского аула 1928-1934», 1 том (2013), 2 том (2018), халықаралық 3-томдық «Голод в СССР. 1929-1934 гг.», «Арабографические источники по истории Казахстана» (2013), «В эмиграции: Эпистолярное наследие Мустафы Шокая, 1919-1941» (2021), «Ақмола өңірі – архив құжаттарында. XX ғ. 20-40 жж.» құжаттар жинағын құрастыруға, Саяси қуғын-сүргін құрбандарын толық ақтау жөніндегі мемлекеттік комиссия материалдарының II, IV, XXIII томдарын, «Ақмола өңіріндегі саяси қуғын-сүргіннің құрбандары», «Ақмола өңірі: тарихи жады» құжаттар жинақтарын әзірлеуге үлкен үлес қосты.

«ҚАЗАҚСТАН. ӨНЕР. ТҰЛҒА» сериясымен шыққан қазақ, орыс, ағылшын тілдерінде жарық көрген «МЫРЗАТАЙ ЖОЛДАСБЕКОВ» (2017), «АЙМАН МҰСАҚОЖАЕВА» (2018), «ӘКІМ ТАРАЗИ» (2019) библиографиялық көрсеткіштер жобасының авторы, әрі жауапты редакторы.

Архив ісінің жағдайы және архив деректері бойынша мақалалары республикалық, қалалық баспасөз беттерінде, ғылыми-тәжірибелік конференция материалдарының жинақтарында жарияланып тұрады. Астана қаласының тарихына байланысты архив деректерін тұрақты түрде баспасөз құралдарында жариялап келеді.

Ақпараттық, ғылыми-тәжірибелік «Қазақстан мұрағаттары» журналын 2005-2007 жж. алғашқы сандарын әзірлеуші, редакция мүшесі, 2012-2014 жж. редакциялық кеңес мүшесі, ай

сайын шығатын мамандандырылған «Іс қағаздарын жүргізу» (Делопроизводство в Казахстане) журналының 2012-2017 жж. редакциялық кеңес мүшесі, архив ісі жөніндегі сарапшысы; «Құжат айналымы мәселелері» (Вопросы документооборота) журналының 2012-2014 жж. редакциялық кеңес мүшесі.

2021 жылдан бастап Астана қаласының мемлекеттік архиві мен Қазақстан тарихшыларының Ұлттық конгресімен бірлескен «Архив хабаршысы» ғылыми-көпшілік, ақпараттық-әдістемелік журналының жауапты редакторы.

Астана қаласындағы ғылыми мекемелермен қарым-қатынас орнатып, Ғылыми-әдістемелік кеңес жұмысын, семинар, онлайн вебинар, дөңгелек үстелдер ұйымдастырды, жас мамандар, тарихшы студенттермен тәжірибесімен бөлісіп отырады. Қазақстан тарихшыларының ұлттық конгресінің, 2021-2023 жж. Астана қаласы бойынша саяси қуғын-сүргін құрбандарын ақтау мәселелері жөніндегі өңірлік комиссияның мүшесі, топ жетекшісі.

Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің «Мәдениет қайраткері» (2003) медалімен, «10 жыл Астана» (2008), «Мұстафа Шоқай – 125 жыл» (2015), «Қазақ Ұлттық Өнер университетіне – 20 жыл» (2018), «Жалағаш ауданына – 80 жыл» (2019), Солтүстік Қазақстан мемлекеттік архивіне 100 жыл (2023) мерекелік медалдарымен, «Архив ісінің үздігі» (2021) төсбелгісімен, Іскер әйелдерге арналған «Ай сырға» (2023) құрмет белгісімен, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік хатшысы, Саяси қуғын-сүргін құрбандарын толық ақтау жөніндегі мемлекеттік комиссия төрағасының, Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрінің, Мұрағаттар мен құжаттаманы басқару жөніндегі комитет, Ақпарат және мұрағат комитеті, Қазақ Ұлттық өнер университеті, Лияс Жансүгіров атындағы қоғамдық қор, Астана қаласы әкімінің және т.б. мекемелер мен ұйымдардың алғыс хаттарымен, мақтау қағаздарымен бірнеше мәрте марапатталған, Қазақстан тарихшыларының ұлттық конгресінің мүшесі.

Ғазиза Исахан белгілі тележурналист, Қазақстан Журналистер академиясының «Алтын жұлдыз» сыйлығының, Қазақстан Республикасы Президенті бұқаралық ақпарат құралдары саласындағы сыйлығының иегері Бейбіт Құсанбектің жары. Оның артында қалған мұрасын насихаттаушы. Жұбайынан қалған мәдени-әдеби мұрасын балаларымен жинақтап, «Өлең-өзім» (2007), «Ғұмырдария» (2008), «Ел ағалары» (2009), «Бір сәт және бүкіл ғұмыр» (2012), «Өмір-өзен» (2017), «Өтер айлар – талай ақпан, тамыздар» (2022) кітаптарын жарыққа шығарды.

Құрметті Ғазиза Тұрмағанбетқызы, Сізді асқаралы 60 жасқа толуыңызбен шын жүректен құттықтаймыз.

Архивтің елеусіз бейнетке толы еңбегін елге таныту, архив құжаттарын кеңінен насихаттау, жариялау, еліміздің тарихына байланысты шетел деректерін іздестіру, елорда тарихының жылнамасын қалыптастыру бағытындағы адал еңбегіңізге алғыс айтамыз.

Құрметті Ғазиза Тұрмағанбетқызы, Сізге алдағы уақытта да қажыр-қайрат, мықты денсаулық, зор бақыт, жұмысыңызда жаңа табыстар тілейміз!

Құрметті әріптестер!

Астана қаласының мемлекеттік архиві Қазақстан тарихшыларының Ұлттық конгресімен бірге «Архив habarşysy» ғылыми-көпшілік, ақпараттық- әдістемелік журналын 2021 жылдан бастап тоқсан сайын шығарады.

Журналда тарих методологиясы, тарихнама және деректану, архив ісінің тарихы мен тәжірибесі, іс жүргізу, өлкетану, тұлғатану мәселелері бойынша ғылыми мақалалар, архив деректері, сонымен қатар, танымдық, ағартушылық, ақпараттық бағыттағы шолулар, мақалалар мен пікірлер жарияланады.

Редакция қолжазбалаларды электронды форматта қабылдайды. Иллюстрациялар (суреттер, кестелер, графиктер, диаграммалар және т.б.) мәтінге жазылған жеріне қойылады. Мақала мәтіні ГТАХР-нан басталуы керек (Ғылыми-техникалық ақпараттық халықаралық рубрикаторы мына сілтеме арқылы анықталады <http://grnti.ru/>)

Автор/авторлар туралы ақпарат (әр жолы жаңа жолдан):

- Автордың/авторлардың аты, әкесінің аты, тегі
- Ұйым атауы, қаласы, елі
- E-mail

Мақаланың тақырыбы 10 сөзден аспауы керек:

- қалың қаріп
- бас әріптермен, ортасынан

Аннотация (200-300 сөз). Аннотация мәтінінде абзац, дәйексөздер, аббревиатура болмауы керек. Аннотацияда көлемді формула, мақала тақырыбын қайталау, жұмыс мәтіні мен әдебиеттер тізіміне сілтеме болмауы тиіс. Мақаланың ерекшеліктері мен құрылымын сақтай отырып, қысқаша мазмұны беріледі. Фрагменттерді курсивпен жазуға, астын сызуға және т.б. болмайды.

Кілт сөздер (10-12 сөз)

Кілт сөздер 12 сөзден аспайтын жеке сөздерден де, сөз тіркестерінен де тұруы мүмкін. Оларды курсивпен немесе қалың қаріппен жазуға болмайды.

Мақаланың құрылымы:

- Кіріспе
- Әдістер мен әдістеме
- Талқылау
- Нәтижесі (мақаланың негізгі бөлігі)
- Қорытынды
- алғыс (егер жұмыс грант бойынша дайындалған болса немесе осы мақаланың шығуына үлес қосқан, бірақ оның авторлары болып табылмайтын әріптестердің еңбегін көрсету қажет болса қосуға болады);
- әдебиет – референс. Әдебиеттер тізімінде соңғы бес жылда жарияланған мақалалар қамтылуы керек.

Қолжазбалар электронды форматта қабылданады. Иллюстрациялар (суреттер, кестелер, график, диаграмма және т.б.) мәтіннің ішінде орналастырылады.

Мәтін Times New Roman қарпімен теріледі, қаріп өлшемі – 14 кегль, жоларалық интервал – бір, жиектері (барлығы) – 2 см, абзац шегінісі – 1 см, мақалалар мен архив құжаттарының мәтіндерінің стандартты көлемі 50 000 таңбаға дейін (метадеректер мен әдебиеттер тізімін

есепке алмағанда 14-16 бет), ақпараттық материалдар, оның ішінде шолулар мен сыни пікірлер – 1000-3000 сөз.

Дереккөздерге сілтемелер дәйексөзден кейін тік жақшада дәйексөз көзінің реттік нөмірін және бетті көрсете отырып беріледі, мысалы [1, л. 25].

Әдебиеттер тізімі мақала мәтінінен кейін орналастырылады. Ресурстың электрондық мекенжайын ғана көрсетуге рұқсат етіледі. Мысалы: URL: <http://adilet.zan.kz/rus/docs/K1500000377>

Электронды кітаптарға, журналдарға, газеттерге және т.б. сілтемелер дәл осылай ресімделеді.

Кестелер мен графикалық ақпаратқа қойылатын талаптар

Егер ғылыми мақалаға кестелер мен графикалық ақпараттар (сызбалар, суреттер, фотосуреттер) қоса берілсе, онда олар электронды журналдың талаптарына сәйкес ресімделуі керек.

Кестелер тікелей мақала мәтініне енгізіліп, нөмірленуі және мақала мәтінінде оларға сілтеме болуы керек. Суреттер, графикалар стандартты форматтардың бірінде ұсынылуы керек: PS, PDF, TIFF, GIF, JPEG, BMP, PCX. Нүктелік суреттерді 600 dpi тұнықтықпен орындау қажет. Суреттерде барлық бөлшектер анық көрсетілуі керек.

Әдебиеттер тізімі

Мақала мәтінінде тек сілтеме жасалған дереккөздер (дәйексөздер ретімен немесе ағылшын алфавиті бойынша нөмірленген) ғана болуы керек. Нәтижелері дәлелдемеге пайдаланылған, бірақ жарияланбаған жұмыстарға сілтемелер жіберілмейді. Қолжазбаларды жариялау үшін авторлардан ақы алынбайды.

Әдебиеттер тізімінен кейін библиографиялық мәліметтерді (мақала атауы, автордың (авторлардың) аты-жөні, ұйымның толық атауы, қаласы, елі, автор(лар)дың электрондық пошталары), сонымен қатар, аннотация мен кілт сөздерді орыс және ағылшын тілдерінде (егер мақала қазақ тілінде жазылса), қазақ және ағылшын тілдерінде (егер мақала орыс тілінде жазылса), орыс және қазақ тілдерінде (егер мақала ағылшын тілінде жазылса) көрсету қажет.

Содан кейін библиографияның ағылшын және транслитерацияланған бөліктерінің тіркесімі беріледі. Транслитерация <http://translit-online.ru/> онлайн платформасы арқылы жүзеге асырылады.

Бұл онлайн платформа қазақ әліпбиінің нақты әріптерін транслитерацияламайды. Авторлар бұл жерде қазақша мәтінді транслитерациядан кейін келесі ережелерге сәйкес түзетулер енгізуі керек:

ә г ң ө ү Ұ қ і

а г н о у Ү к я

Егер дереккөздің ресми аудармасы болса және ағылшын тілінде жарияланған болса онда әдебиеттер тізімінің ағылшын және транслитерацияланған бөлігінің тіркесімінде ағылшын тіліндегі ресми аудармасын көрсету қажет.

Мақала қолжазбалары қайтарылмайды және оған пікір білдірілмейді. Мақаланың мазмұнына автор жауап береді.

Редакцияның мекен-жайы: «Астана қаласының Мемлекеттік архиві» ММ, Қазақстан, 010000, Астана қ., М.Әуезов көш., 3, Телефон: 8-7172-280723 (134); E-mail: info@gosarhiv.kz немесе s.bayakhmetov@gosarhiv.kz

Уважаемые коллеги!

Государственный архив города Астана с Национальным конгрессом историков Казахстана с 2021 ежеквартально выпускает научно-популярный и информационно-методический журнал «Arhiv habarşysy».

В журнале публикуются научные статьи, исследование, архивные документы по вопросам методологии истории, историографии и источниковедения, истории и практики архивного дела, делопроизводства, краеведения, персонализма, а также обзоры, сообщения познавательного, просветительского и информационного характера.

Редакция принимает рукописи в электронном формате. Иллюстрации (рисунки, таблицы, графики, диаграммы и т.д.) помещаются внутри текста. Текст статьи должен начинаться с МР-НТИ (Международный рубрикатор научно-технической информации; определяется по ссылке <http://grnti.ru/>)

Информация об авторе/авторах (каждый раз с новой строки):

- Имя, отчество, фамилия автора/авторов
- Название организации, город, страна
- E-mail

Название статьи не должно содержать более 10 слов:

- шрифт полужирный
- расположение по центру страницы

Аннотация (200-300 слов). Текст аннотации не должно быть абзацев, цитирование, аббревиатур. Аннотация не содержит громоздких формул, не повторяет название статьи, не содержит ссылок на текст работы и список литературы. Аннотация дает краткое изложение статьи, отражая ее особенности и сохранения структуры статьи. Не допускается выделение фрагментов курсивом, подчеркиванием и т. д.

Ключевые слова (10-12 слов)

Ключевые слова могут состоять как из отдельных слов, так и из фраз, не более 12 слов. Их нельзя писать курсивом или жирным шрифтом.

Структура статьи:

- Введение
- Методы и методология
- Обсуждение
- Результат (основная часть статьи)
- Заключение
- благодарность (если работа подготовлена по гранту или по данной статье труда коллег, которые внесли свой вклад в создание, но не являются его авторами можно добавить, если нужно показать);
- литература – референс. **Список литературы должен включать статьи, опубликованные за последние пять лет.**

Редакция принимает рукописи в электронном формате. Иллюстрации (рисунки, таблицы, графики, диаграммы и т. д.) помещаются внутри текста.

Текст набирается шрифтом Times New Roman, размер шрифта - 14 кеглей, межстрочный интервал-одинарный, поля (всего) - 2 см, отступ абзаца-1 см, стандартный объем текстов статей и архивных документов до 50 000 знаков с пробелами (14-16 страниц без учета метаданных и списка литературы), информационные материалы, в том числе обзоры и критические комментарии-1000-3000 слов.

Ссылки на использованные источники приводятся после цитаты в квадратных скобках с указанием порядкового номера источника цитаты и страницы, например [1, л. 25].

Список литературы размещается после текста статьи. Допускается указание только электронного адреса ресурса. Пример: URL: <http://adilet.zan.kz/rus/docs/K1500000377>

Аналогично оформляются ссылки на электронные книги, журналы, газеты и т. д.

Требования к таблицам и графической информации

Если к научной статье прилагаются таблицы и графическая информация (чертежи, рисунки, фотографии), то они должны быть оформлены в соответствии с требованиями электронного журнала.

Таблицы должны быть включены непосредственно в текст статьи, должны быть пронумерованы и сопровождаться ссылкой на них в тексте статьи. Рисунки, графики должны быть представлены в одном из стандартных форматов: PS, PDF, TIFF, GIF, JPEG, BMP, PCX. Точечные рисунки следует выполнить с разрешением 600 dpi. На чертежах должны быть четко представлены все детали.

Список литературы

Ссылка должно содержать только те источники (пронумерованные в порядке цитирования или в английском алфавитном порядке), на которые есть ссылки в тексте статьи. Ссылки на неопубликованные работы, результаты которых используются в доказательствах, не принимаются. Авторам рекомендуется исключить ссылки на страницы и следовать следующему шаблону: номер главы, номер абзаца и т.д.

После списка литературы необходимо указать библиографические сведения (наименование статьи, Ф. И. О. автора (авторов), полное наименование организации, город, страну, адрес электронной почты автора(ов)), а также аннотацию и ключевые слова на русском и английском языках (если статья написана на казахском языке), казахском и английском языках (если статья написана на казахском языке если статья написана на русском языке), на русском и казахском языках (если статья написана на английском языке).

Затем преоставляется комбинация английской и транслитерированной частей списка литературы. Транслитерация осуществляется с использованием онлайн-платформы <http://translit-online.ru/>. Эта онлайн-платформа не транслитерирует специфические буквы казахского алфавита. Авторам следует внести здесь исправления после транслитерации казахского текста в соответствии со следующими правилами:

ә г ң ө ү Ұ қ і

а г н о у Ү к я

Если источник имеет официальный перевод и опубликован на английском языке, официальный перевод на английский язык должен быть указан в сочетании английской и транслитерированной частей ссылок.

Плата за публикацию рукописей не взимается с авторов. Рукописи статьи не возвращаются и не комментируются. За содержание статьи отвечает автор.

Адрес редакции: ГУ «Государственный архив города Астана», Казахстан, 010000, г. Астана, ул. Ауэзова, 3, Телефон: 8-7172-280723 (134); E-mail: info@gosarhiv.kz или s.bayakhmetov@gosarhiv.kz

Dear colleagues!

The State Archive of the city of Astana with the Kazakhstan National historians' congress begin to publish a popular scientific and information-methodical journal «Bulletin of the Archive. Astana».

The journal publishes scientific articles, archival data on the methodology of history, historiography and source studies, the history and practice of archival affairs, local history, personalism, as well as reviews and comments of cognitive, educational and informational orientation.

The editorial board accepts manuscripts in electronic format. Illustrations (figures, tables, graphs, diagrams, etc.) are placed inside the text. The text of the article should begin with IRSTI (International rubricator of scientific and technical information; determined by the link <http://grnti.ru/>)

Information about the author / authors (each time on a new line):

- Name, patronymic, surname of the author/authors
- Organization name, city, country
- E-mail

The title of the article should not contain more than 10 words:

- font bold
- location in the center of the page

Abstract (200-300 words). The text of the abstract should not contain paragraphs, citations, abbreviations. The abstract does not contain cumbersome formulas, does not repeat the title of the article, contains links to the text of the work and the list of references. The abstract gives a brief summary of the article, reflecting its features and maintaining the structure of the article. Selection of fragments in italics, underlining, etc. is not allowed.

Keywords (10-12 words)

Key words can consist of both individual words and phrases, in any case not exceeding 12 words. They cannot be italicized or bold.

Article structure:

- Introduction;
- Methods and methodology
- Discussion
- Results (main part of the article)
- Conclusion
- gratitude (this section is included if the work was prepared under a grant or there is a need to acknowledge colleagues who contributed to the appearance of this article, but are not its co-authors);
- literature - reference. References should include articles published in the last five years.

The editors accept manuscripts in electronic format. Illustrations (figures, tables, graphs, charts, etc.) are placed inside the text.

The text is typed in Times New Roman, font size is 14 pt, line spacing is single, margins (total) are 2 cm, paragraph indentation is 1 cm, the standard volume of articles and texts of archival documents is up to 50,000 characters with spaces (14-16 pages without taking into account metadata and list of references); information materials, including reviews and reviews - 1000-3000 words.

References to the sources used are given after the quote in square brackets, indicating the ordinal number of the source of the quote and the page, for example [1, l. 25].

The list of references is placed after the text of the article. Only the e-mail address of the resource is allowed. Example: URL:<http://adilet.zan.kz/rus/docs/K1500000377> Accessed:

Links to e-books, magazines, newspapers, etc. are formatted in the same way.

Requirements for tables and graphic information

If a scientific article is accompanied by tables and graphic information (diagrams, figures, photographs), then they must also be formatted in accordance with the requirements of the electronic journal.

Tables should be included directly in the text of the article, should be numbered and accompanied by a link to them in the text of the article. Figures, graphics must be submitted in one of the standard formats: PS, PDF, TIFF, GIF, JPEG, BMP, PCX. Bitmaps should be done at 600 dpi. The drawings must clearly show all the details.

Bibliography

The reference should contain only those sources (numbered in citation order or in English alphabetical order) that are referenced in the text of the article. References to unpublished works whose results are used in proofs are not accepted. Authors are advised to exclude page references and follow the following pattern: chapter number, paragraph number, etc. Otherwise, incorrect references may occur when preparing the English version of the article.

After the list of references, it is necessary to indicate bibliographic data (title of the article, full name of the author (authors), full name of the organization, city, country, e-mail address of the author (s), as well as annotations and keywords) in Russian and English (if the article is written in Kazakh), in Kazakh and English (if the article is written in Russian), in Russian and Kazakh (if the article is written in English).

Then a combination of the English and transliterated parts of the bibliography is provided. Transliteration is carried out using the online platform <http://translit-online.ru/>. This online platform does not transliterate specific letters of the Kazakh alphabet. Authors should make corrections here after transliterating the Kazakh text in accordance with the following rules:

ә з ң ө ү Ұ қ і
а з н о у Ү к я

If the source has an official translation and has been published in English, the official English translation must be given in a combination of the English and transliterated parts of the references.

The authors are not charged for the publication of the manuscripts.

The manuscripts of the article are not returned and are not commented on. The author is responsible for the content of the article.

Editorial office address: *State Archive of the city of Astana, Kazakhstan, 010000, Astana, st. Auezova, 3, Phone: 8-7172-280723 (134); E-mail: info@gosarhiv.kz or s.bayakhmetov@gosarhiv.kz*

Журнал Қазақстан Республикасының
Ақпарат және Қоғамдық даму министрлігінің
Ақпарат комитетінде тіркелген
тіркеу № KZ04VPY00027990

Біздің мекен-жайымыз:
010000, Астана қаласы, Сарыарқа ауданы,
М. Әуезов көшесі, 3-үй
тел/факс: +7 (7172) 28-07-26 (қос. 119, 134)
e-mail: info@gosarhiv.kz

ЕЛОРДА ТАРИХЫНАН



2021 жылы Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың тапсырмасы бойынша Астана қаласында әйгілі ғалым Қаныш Сәтбаевтың 122 жылдығына арнап ескерткіш орнатылды. Ескерткіш Қаныш Имантайұлы Сәтбаевтың қоғам өркендеуі үшін өзін толығымен адамдарға берген ғалым мен адамның ең жақсы қасиеттерін бейнелеген негізгі жетістіктерін ашады.

Оның авторы – белгілі мүсінші Асқар Нартов. Ескерткіш елордадағы Қаныш Сәтбаев пен Қажымұқан Мұңайтпасов көшелерінің қиылысында орнатылды. Ескерткіш қоладан құйылған. Тұғыр тасы граниттен жасалған, биіктігі – 5,8 м, салмағы – 3,6 тонна.

Биыл Қазақстан көрнекті геолог-ғалым, қоғам және мемлекет қайраткері Қаныш Сәтбаевтың 125 жылдық мерейтойын атап өтеді.

